

«Нұр Алем » жалпы білім беретін мектеп

(білім беру ұйымының атауы)

1-тоқсан Қазақстан тарих пәні бойынша

Сынып: 9« Ә»

Оқушылар саны: 11

Мұғалім: Рысбекова К К

Мақсаты:

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін тандау

Пән	Оқушы	Жоғары балл	ЖБ баллдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0-39%	40-84%	85-100%		
			Оқушылар саны				
БЖБ 1	11		4	3	4	63,6	100%
БЖБ 2			4	3	4	63,6	100%
ТЖБ			4	3	4	63,6	100%

Қол жеткізілген мақсаттар		Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1	«Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	Соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығының жағдайын талдау
БЖБ 2	«Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар) » бөлімі бойынша	Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын салалар бойынша сипаттаңыз.
ТЖБ	Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау

1.БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың білім деңгейін көрсетті:

2.Жоғары(В):85-100%

Азатова Г,Амангелді А,Қосбай С

3.Орта(С):40-84%

Жорабек К,Қосмырза Е,Тілес Ш

4.Төмен(Н):0-39%

Әбдімәратқызы Н,Кидиралиев Е,Сапарғали Н,Ташалиев Ә

2.Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесі:

3.Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтардың себептері:

4.БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша жоспарланған жұмыс (қажет болған жағдайда білім алушылардың ТАӘ көрсетумен)

Күні: 26.10

Мұғалім: Рысбекова К К


9-сынып

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЖБ 1


«Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Орындау уақыты 20 минут Жалпы балл 13

Тапсырма 1. Соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығының жағдайын талдаңыз.



2. Берілген сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.



Ә.Хайдаровтың картинасы қандай тарихи оқиға туралы ақпарат беретіндігін жазыңыз.

Тарихи оқиғаның орын алу себептерін жазыңыз.

Тарихи оқиға барысынан мысалдар келтіріңіз.

Тарихи оқиғаның салдарын жазыңыз.

Тарихи оқиғаны салдарын тоқтату туралы шешім қашан қабылданғандығын жазыңыз.

3. Берілген сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.



Сурет қандай тарихи оқиғадан хабар беретіндігін анықтаңыз.

Тарихи оқиғаның орын алған уақытын жазыңыз.

Оқиғаның жағымды нәтижелерін жазыңыз.

Оқиғаның жағымсыз салдарларын жазыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында	1	Ауыл шаруашылығының дамуындағы жағымды тұстарды жазады;	1

орын алған өзгерістерге баға береді		Ауыл шаруашылығының дамуындағы жағымсыз тұстарды жазады;	1
		Мал шаруашылығының дамуындағы жағымды тұстарды жазады;	1
		Мал шаруашылығының дамуындағы жағымсыз тұстарды жазады;	1
Әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарына талдау жасайды	2	Тарихи оқиғаны анықтайды;	1
		Тарихи оқиғаның орын алу себептерін жазады;	1
		Тарихи оқиға барысынан мысалдар келтіреді;	1
		Тарихи оқиғаның салдарын жазады;	1
		Тарихи оқиғаны салдарын тоқтату туралы шешім қашан қабылданғандығын жазады	1
	3	Тарихи оқиғаны анықтайды;	1
		Тарихи оқиғаның орын алған уақытын жазады;	1
		Жағымды нәтижелерін жазады;	1
		Жағымсыз салдарын жазады.	1
Жалпы балл			13


«Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар) » бөлімі бойынша

БЖБ 2 жиынтық

Орындау уақыты 20 минут Жалпы балл 10

Тапырма

1. «Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын салалар бойынша сипаттаңыз.



2. Берілген деректерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Өзбекстан мен Қазақстан жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемінде, Үстірттің шығыс шетінде тұйық көл орналасқан. Ол 1960-1970 жылдары

дүниежүзілік теңіз деңгейінен 53,0 м биіктікте жатса, 1998 жылы 18 метрге төмендеген. Соның салдарынан теңіз екі суайрыққа бөлініп қалды. Бұл Қазақстанға ғана емес, бүкіл жер шары тұрғындарының денсаулығына төнген зор қауіп.

Деректе қандай апат жайлы жазылғандығын анықтаңыз.

--

Осындай апатқа әкелеген жағдайларды сипаттаңыз.

--

Болашақта осындай апаттар орын алмау үшін қандай ұсыныстар жасар едіңіз?

--

3. «Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде ескерілді» деген тұжырымға қатысты өз пікіріңізді ПТМС формуласы негізінде жазыңыз.

П (Позиция) Т (Түсіндіру) М (Мысалы) С (Салдары)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіреді және өзіндік интерпретация жасайды	1	«Жылымық» кезеңіндегі экономиканың дамуын сипаттайды;	1
		«Жылымық» кезеңіндегі қоғамдық сананың дамуын сипаттайды;	1
		«Жылымық» кезеңіндегі прогресшіл бастамалардың дамуын сипаттайды;	1
Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіреді және өзіндік интерпретация жасайды	2	Деректе сипатталған оқиғаны анықтайды;	1
		Апатқа әкелген жағдайларды атайды;	1
		Өз ұсынысын жазады;	1
	3	Өз позициясын ұсынады;	1
		Өз позициясын түсіндіреді;	1
		Мысал келтіреді;	
		Салдарын жазады.	1

Жалпы балл
10

ТЖБ

Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)

9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау

9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау

Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар)

9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру

«Қазақстан тарихы» пәнінен І тоқсанға арналған тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы кестеде дәлелдер келтіріңіз.

Ауыр өнеркәсіптің дамуы	1	2	3
Теміржол саласының дамуы	1	2	3

2. Берілген деректерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

«Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы уақыт бедеріне бағынбаған, шыншыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, тыйым салынған Кенесары тақырыбына жазылғандықтан».

академик Шапық Шөкиннің естелігінен

а) Деректе сипатталған тарихи тұлғаны анықтаңыз. Тұлғаға шағын сипаттама беріңіз.	1	2	
б) Деректе тарихи тұлғаның қандай еңбегі туралы айтылғандығын анықтаңыз. Тарихи еңбектің қай жылы жарық көргендігін жазыңыз.	1	2	
с) Тарихи тұлғаның еңбегі туралы қандай пікірталастар туындағандығын сипаттаңыз.	1		
д) Тарихи тұлғаның тұтқындалуынан кейінгі өмірінен ақпараттар келтіріңіз.	1	2	
е) Ғалымның ғылымға қосқан үлесіне дәлелдер келтіріңіз.	1	2	3

3. Сурет бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз. Суретте берілген тарихи оқиғаның көрінісін анықтаңыз



1.

Аталған тарихи оқиғаның Қазақстанға әкелген демографиялық өзгерістерінің себеп-салдарларын анықтаңыз.

Себептері	1	2	3
Салдары	1	2	3

4. Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған жағымды өзгерістерді жазыңыз.

1
2
3

5. Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған жағымсыз өзгерістерді жазыңыз

1
2
3
Қорытынды

Балл қою кестесі

№ тапсырма	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
-------------------	--------------	-------------	------------------------

1	Ауыр өнеркәсіптің дамуы 1. Қазақ жерінде әскери ендірістің, Семейде атом полигонының, басқа да әскери нысандардың құрылымдық жүйесі жасалды. Ақтөбе темір балқыту, Теміртау металлургиялық зауыттарының жаңа қуатты бөлімдері іске қосылды. 2. Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғашқы өнімін берді. Балқаш мыс балқыту зауыты өнім шығаруды ұлғайтты. Ембі бассейнінде - Қаратон мен Мұнайлыда жаңа кәсіпорындар іске қосылып, 1950 жылы мұнай өндіру соғыс-қа дейін кезеңмен салыстырғанда 52%-ға өсті. 3. Қаратау тау-кен химия комбинаты құрылысының бірінші кезегі аяқталды. 1954-1958 жылдары Қазақстан бойынша Өскемен, Ақтөбе, Шымкент, Қарағанды, Семей, т.б. ірі қалаларда 730 өнеркәсіп орны мен цехтар құрылып, іске кірісті. Теміржол саласының дамуы 1. Мойынты-Шу теміржолы салынды. 2. Жамбыл-Шолақтау теміржолы салынды. 3. 1958 жылы Қазақстан аумағындағы барлық жолдар желісін бір жүйеге келтірген «Қазақ теміржолы» құрылды.		Білім алушының басқа да жауаптары қабылданады
2	а) Ермұхан Бекмаханов. Қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы б) «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» монография, 1947 жыл с) Е. Бекмаханов еңбегіне байланысты пікірталастар 1947 жылдың екінші жартысында күшейе түсті. Ермахан Бекмаханов бірақ айтқанынан қайтпады. Халқы үшін жан аямай күрескен Кенесары Қасымовтың батыр екенін дәлелдеген, оның кітабын да, өзін де қызыл империя аямай жазалады. 1947-1950 жылдарда Е. Бекмахановтың күйі өте ауыр болды, күн өткен сайын оған тиген моральдық соққының салмағы арта берді. 1951 жылы университеттегі жұмысынан қуылып, партия қатарынан шығарылды. д) Ол 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 жылдың 3 қарашасында № 699 іс бойынша Е. Бекмахановты айыптау қортындысы дайын болды. Жоғарыдағы айыптау негізінде 1952 жылы 2 желтоқсан		Білім алушының басқа да жауаптары қабылданады

	күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е. Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды. Ол кісінің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды адамдардың көмегінің арқасында Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның ісі жабылып, өзі ақталып шықты. е) ГУЛАГ-тың лагеріндегі адам төзгісіз азапты күндерді басынан кешкеніне қарамастан, қайсар ғалым, артына халықтың игілігіне айналған мол ғылыми мұраларын қалдырды. Өзі ұсталып кеткенге дейін бастап қойған «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты еңбегін аяқтау ісімен айналысты. Бұл еңбегі А. М. Панкратованың баға жетпес көмегінің арқасында Мәскеудегі «Наука» баспасынан 30 баспа табақ көлемінде 1957 жылы жарық көрді. Бекмаханов Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың «феодалдықмонархиялық қозғалыс» деп аталмай, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі ретінде қарастырылуынан дәлелдеді.		
3	Тың және тыңайған жерлерді игеру Себептері: 1. Тың игерудің рухани және демографиялық зардаптары да зор болды. Қазақстанға 1954-1962 жылдары тың игеруге КСРОның еуропалық бөлігінен 2 млн адам келді. 2. 1959 жылғы халық санағы бойынша республикада тұратын жергілікті ұлт өкілдерінің саны 2 миллион 787 мың, яғни барлық халықтың 29 % ғана құрады. 3. Тың игерілген облыстарда 700 қазақ мектебі жабылды. Салдарлары: 1. Қазақ халқы өз жерінде азшылық жағдайына түсті. 2. Ауыл шаруашылығымен қазақ халқы тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан қазақ халқының басым бөлігі ауылдарда тұрғандықтан реформалардың зардабы бірінші кезекте қазақтарға тиді. 3. Қазақ балалары мектеп–интернаттарда оқытыла бастады. Олардың басым көпшілігінде оқу орыс тілінде жүргізілді. Бұл біріншіден, қазақ жастарының ұлттық		Білім алушының басқа да жауаптары қабылданады

	тілі мен мәдениетінен қол үзуіне әкеп соқтырды.		
4	Жағымды әсері: 1. Қазақстан астықты шет елдерге экспорттаушы елге айналды 2. Тың игеру кезінде еңбекші бұқараның ерен ерлігі нәтижесінде Қазақстанда астық өндірудің көлемі артты. Қазақстанда 15 жаңа қала, 86 қала тұрпатты поселке, жүздеген шағын елді мекендер пайда болды. 3. Тыңға келгендердің еңбегі бағаланып, ондаған мың адамдар орден, медаль, бағалы сыйлықтармен марапатталды.		Білім алушының басқа да жауаптары қабылданады
5	Жағымсыз әсері: 1. Астық игеру экстенсивті әдістермен жүргізілді. 2. Орасан зор аумақтар жыртылып, топырақ эрозиясы күшейді, жердің құнарлы қара шірік қабаты (гумус) желге ұшты. 3. Мал шаруашылығының дамуы өте төмен деңгейде қалды. Қорытынды: Тың игерудің зардаптарын да, нәтижелерін қазіргі таңда көріп келе жатырмыз. Еліміз астықты ауданға айналғанымен, экологиялық проблемалар өз шешімін таппай келе жатыр.		
	Барлығы	30	балл